

МАЙМЫЛДАР ШЕШЕГІ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА (MONKEYPOXES – MPXV)



Маймыл шешегін қалай тануға болады

Маймыл шешегі - жануарлардан адамға берілетін вирустық инфекция: ол шешектің клиникалық белгілеріне ұқсас. Алайда маймылдар шешегі жағдайындағы ауру ағымы онша ауыр емес. Маусымы жыл бойы, гендерлік айырмашылықтар анықталмаған, ауру барлығына бірдей әсер етеді. Батыс және Орталық Африка елдеріндегі аурудың эпицентрі (Конго, Нигерия). Индет Еуропа (Испания, Португалия, Ұлыбритания, Бельгия, Германия, Италия, Нидерланды, Франция, Швейцария, Швеция, Израиль), Солтүстік Америкада (АҚШ, Канада) және Австралияда таралған.

Ол қалай таралады?

- Науқастың киіміне, төсек орнына немесе сүлгісіне жақындау арқылы.
- Маймыл шешегінен туындаған папулаға жақындау арқылы.
- Жұқтырған адамның жөтелуі немесе түшкіруі арқылы.
- Биологиялық бөлінулермен тікелей байланыс арқылы.

Белгілері қандай?



Инкубациялық кезең 5 күннен 21 күнге дейін созылады.

Өлім

Адамдағы маймыл шешегінің жеңіл ағымына қарамастан, ауру асқынуларға әкелуі мүмкін. Атап айтқанда: сепсис, пневмония, энцефалит және менингоэнцефалит. Аурудың болжамы – ауыр, бірақ табиғи шешекке қарағанда жеңілдеу. Өлім деңгейі 3,3-10% аспайды, негізінен 7-10 жасқа дейінгі балаларда тіркеледі.

Алдын алу

АҚШ-та, Жапонияда және Еуропада қарсы көрсеткіштер және жанама әсерлердің кең тізбесі жоқ лицензияланған тірі вакциналар бар (ACAM2000, LC16m8, IMVAMUNE, IMVANEX)

Аурудың алдын алу жолдары:

- ауру адамдармен және жануарлармен байланысты болдырмау;
- тамақтанар алдында етті және ішектерді мұқият термиялық өңдеу;
- медициналық персоналдың пациенттермен жұмыс істеу кезінде қолғаптарды, қалқандарды және халаттарды пайдалануы;
- ауырғандарды оқшаулау.